


*Коллизиялық
нормалар*

Жоспар:

- 
1. Коллизиялық және материалдық құқықтық реттеу әдістері.
 2. Коллизиялық норманың құрылысы, жүйесі.
 3. Коллизиялық нормалардың түрлері.

Негізгі ұғымдар:

Коллизия (лат. *collisio* – қақтығыс) – қарама-қарсы мүдделер мен күштердің, көзқарастардың қақтығысы.

Құқықтық норма — мемлекет таныған, және оны өзі қамтамасыз ететін, қоғамдық қатынастарға араласып түсушілердің құқықтары мен міндеттерін туындататын, олардың әрекеттерін үлгі, эталон, масштаб, өлшем есебінде реттей алатын жалпыға бірдей міндетті ереже. норма.

Коллизиялық мәселе— бұл белгілі бір құқықтық қатынастағы қай елдің заңын қолдану туралы мәселе.


Халықаралық жеке құқықты реттейтін шетел элементі бар қарым-қатынастарда кейбір кездерде коллизиялық мәселелер туындайды. Бұл мәселеде қарама-қайшылықтағы екі заңның қайсысын қолдану керек екені туралы сұрақты шешу керек.

Бұл мәселелер белгілі бір коллизиялық нормалар қолдану арқылы шешілуі мүмкін. *«Коллизия»* (латын сөзінен *«collisio»*) – оқпайтын қатығыс немесе қайшылық деген мағынаны білдіреді. Заңдардың коллизиясын реттеу туралы айтқанда, әр түрлі мемлекеттер арасындағы құқықты тандау қажеттігін айтады.

Құқық коллизиясының екі себебі бар:

жеке құқықтық қатынаста шетел элементінің болуы

қатынасқа
байланысты әр
түрлі мемлекет
құқығының
мазмұндарының
ерекшілігі



*Коллизиялық норманың
мақсаты – қарама-
қайшылықтағы екі не одан
да көп құқықтық жүйе
арасындағы қақтығысты*

шетел элементі бар
қатынастарды белгілі бір
құқық тәртібіне бағындыру
болып табылады.

реттеу,

шешу ,

- Сілтеме жасалған материалдық құқықтық нормамен бірге коллизиялық норма азаматтық айналым қатысушыларына жүріс-тұрыс ережесін анықтайды. Халықаралық жеке құқық құрамында коллизиялық және материалдық құқықтық норманың қосылуы, сипаты бойынша біртекті қарым-қатынастарды екі түрлі әдіспен реттеу қажеттілігі негізделеді. Халықаралық келісімдердегі материалдық құқықтық нормамен бірге халықаралық жеке құқық ішіне ішкі заңнамадағы материалдық құқықтық нормалар кіреді. Олар шетел элементі бар азаматтық қатынастарды реттеу үшін арнайы белгіленген.
- Бұл нормаларға жататындар:
 - ❖ сыртқы экономикалық қызметті реттейтін норма,
 - ❖ инвестициялар режиміне қатысты нормалар,
 - ❖ Қазақстан азаматтарының шетелдегі мәртебесін анықтайтын нормалар,
 - ❖ Қазақстан Республикасында азаматтық, неке және еңбек пен іс жүргізу құқығы аясында шетел азаматтары мен ұйымдардың құқықтық жағдайын анықтайтын нормалар.

Оның *бірінші бөлігі* коллизиялық ереженің *көлемі* болып табылады, ол коллизиялық ереженің қандай құқық қатынасында қолданылатыны туралы анықтайды. Мысалы: меншік құқығы, отбасы құқығы.



Коллизиялық
ереженің
құрылымы

Коллизиялық ереженің *екінші бөлігі* коллизиялық *байлам* (қағидат, бекіту формуласы) деп аталады. *Байлам* – бұл тиісті қарым-қатынаста қолданылатын заңға не құқықтық жүйеге нұсқау, яғни қай елдің заңын қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Коллизиялық ережелерде кездесетін **байламдардың** келесі түрлері бар:

- **Lex personalis** – жеке тұлғаға байланысты ереже. Оның өзі екі түрде қарастырылады:
 - 1) **Lex patriae** – азаматтыққа байланысты заң;
 - 2) **Lex domicilii** – тұлғаның тұрақты тұру жеріне байланысты заң.

- **Lex societatis** – бұл заңды тұлғаның ұлтына байланысты байлам. Бұл байлам, егер заңды тұлға бір елде тіркелген болып, екінші мемлекетте жұмыс істеп, ал оның бас органы үшінші мемлекетте қызмет жасаса, сонда оның ұлтын анықтау қажет. Сонымен, заңды тұлғаның ұлтын анықтау үшін осы төрт ілімге, қағидатқа сүйенеміз:

- 1) **инкорпорация немесе тіркелу қағидасы** – заңды тұлға қай мемлекетте тіркелсе, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады;
- 2) **отырықшылық қағидасы** – заңды тұлғаның бас органы қай мемлекетте орналасса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады;
- 3) **қызмет ету қағидасы** – заңды тұлға қай мемлекетте нақты жұмыс істесе, сол мемлекеттің заңы қолданылады;
- 4) **бақылау теориясы** – бір мемлекетте орналасқан кәсіпорынның құрылтайшысы қай мемлекеттің тұлғасы болса, сол мемлекеттің заңын негіз ретінде алады.

- **Lex voluntatis** – бұл байлам бойынша шарт тараптары, өз еріктері бойынша бір мемлекеттің заңнамасын таңдауға құқылы. Тараптар қай мемлекеттің заңын қолданатын шартта нақты көрсету керек.
- **Lex loci contractus** – бұл коллизиялық байлам шарт қай елде бекітілгенін анықтау керек кезде пайда болады. Бұл байлам бойынша, шартқа қай мемлекетте қол қойылса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыртқы экономикалық мәміле бойынша шартқа қол қойған жақтардың құқықтары мен міндеттері қол қойылған жердің заңнамасымен анықталады. Бірақ заң бойынша тараптарға құқық таңдау еркіндігі берілген.
- **Lex venditoris** – бұл байлам бойынша сатушы тұратын мемлекеттің заңын қолдануды қарастырады. Бұл байлам сыртқы экономикалық мәмілелеріне тән.
- **Lex rei sitae** – бұл коллизиялық қағидат меншік құқық саласында қолданылады. Бұл ереже бір мемлекетте, белгілі бір затқа меншік құқығын анықтауда көмек көрсетеді. Қазақстанның заңнамасында мүлік қай мемлекетте орналасса, сол мемлекеттің заңнамасымен меншік құқығы анықталады. Бірақ егер мүлік мұра ретінде қарастырылса, онда мұрагердің соңғы тұрғылықты жерінің заңнамасымен реттеледі.
- **Lex loci delictii commissii** – бұл коллизиялық байлам құқық бұзушылық жасалған жердің заңнамасына байланысты. Яғни, сот қай мемлекетте зиян келтірілген болса, онда сол мемлекеттің заңнамасымен істі қарастырады.

- **Lex loci laboris және Lex loci delegationis** - жұмысты атқару орнының және және басқарушы ұйымның орналасқан жерінің заңы – тек арнайы сипатқа ие коллизиялық нормалардың бірі, көрінісі оның көбіне еңбектік қатынастарға тән. Олар еңбек қатынастарды реттеуге бағытталған.
- **Lex loci operationis- негізгі қызметті атқару орнының заңы** - бұл қағида заңды тұлғаның қызметінің атқарылу жері, яғни сол мемлекеттің заңнамасымен реттелетіндігін көрсетеді және заңды тұлғаның жеке мәртебесі қағидасымен жұмыс істейді.
- **Lex loci celebrationis** – бұл байлам отбасы құқығында қолданылады, яғни қай мемлекетте неке қиылды сол мемлекеттің заңы қолданылады.
- **Lex fori** – сот заңы, яғни дау қай мемлекетте қарастырылса, онда сол мемлекеттің заңы қолданылады. Бұл қағидатқа сәйкес сот қатынастағы шетел элементіне қарамастан, өз елінің заңнамасын қолданады.
- **Ту заңы (Lex banderae)**. Жүктерді тасымалдау мен оларды басқару қатынастарын реттегенде су немесе әуе кемелеріндегі қай мемлекеттің ту астында болуына байланысты қатынастарды реттейтін қағида.
- **Төлем валютасының заңы (Lex monetae)** - аталған қағида бойынша валюталық шарттық міндеттемелерде қай валютада шарт жасалса, сол мемлекеттің заңнамасы қолданылады.

- Қазіргі халықаралық жеке құқықта коллизиялық нормалар көп түрлі және көп санды болып табылады. Оларды түрлерге бөлудің критерийлері көп. Бұл ерекшеліктер, халықаралық байланыстар кезінде пайда болатын қатынастар топтардың ерекшеліктерін айқындайды және осы нормалардың тәжірибеде қолдану кезінде зор маңызға ие.



Маңызды сараланудың бірі коллизиялық байлам нысанына байланысты саралану болып табылады

Бір жақты – бұл қолдануға жататын елдің қазақстандық, неміс, ағылшын құқығын тікелей атайтын байлам нормасы. Бір жақты ереже әдетте өз елінің құқығын қолдануды белгілейді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1104-бабының 3-тармағында былай делінген:

«Қозғалмайтын мүлікке қатысты мәміленің нысаны – осы мүлік орналасқан жердегі елдің құқығына, ал Қазақстан Республикасында мемлекеттік тізілімге енгізілген қозғалмайтын мүлікке қатысты болса, *Қазақстан Республикасының құқығына бағынады*».

Екі жақты коллизиялық ереже нақты мемлекетті атамайды. Оған құқықты таңдауға мүмкіндік беретін, жалпы белгінің болуы тән. Мысал ретінде, ҚР АҚ-не сәйкес, «мұрагерлік бо-йынша қатынастар ... мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жері болған елдің құқығы бойынша анықталады». Бұл ереженің байламы, жалпы белгісі ретінде: «мұра қалдырушының соңғы тұрақты тұрғылықты жерін көрсетеді».

Реттеу тәсілі бойынша КОЛЛИЗИЯЛЫҚ ережелер

Императивті ережелер
– түпкілікті, азаматтық
құқықтық
қатынастардың
тараптарымен өзгертіле
алмайтын құқықты
қолдануға қатысты
ұйғарымдар.

Диспозитивті ережелер –
құқықты таңдау бойынша жалпы
тәртіпті бекіте тұра, тараптарға
оны басқа тәртіппен өзгерту
мүмкіндігін береді. Диспозитивті
ережелер әдетте тараптар құқығы,
егер тараптардың келісімімен
өзгеше көзделмесе және т.б.
нысандарда, көрініс табады.
Мысалы, ҚР АҚ-нің 1108-
бабының 2-тармағына сәйкес:
«Егер тараптардың келісімінде
өзгеше көзделмесе, мәміленің
нысанасы болып табылатын
мүлікке заттық құқықтардың
пайда болуы және тоқтатылуы,
елдің осы мәміле бағындырылған
құқығы бойынша анықталады».

Баламалы ережелер –
мазмұнында, ереже
көлемінде көзделген,
жеке құқықтық
қатынасқа қолданылатын
құқықты таңдауды
көздейтін бірнеше
ережелері бар нормалар.

Коллизиялық ереженің мәніне қарай:

генералды (басты)

Бас ереже – қолданудағы артықшылыққа ие, қолданылатын құқықты таңдау кезіндегі басты ереже. Мысалы, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісімімен таңдалған елдің құқығымен реттеледі. Мұндағы басты ереже Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше көзделмеуі қажет.

субсидиарлы (қосымша)

Субсидиарлы ереже – басты ережемен байланысты бір немесе бірнеше құқықты таңдау ережелері, ол басты ереже белгілі бір себептерге байланысты қолданылмаған жағдайда қолданылады. Сонымен қатар, субсидиарлы ережелер бірінші, екінші, үшінші және т.б. дәрежелі болып бөлінеді. Басты және барлық дәрежелі субсидиарлы ережелер бір-бірімен тығыз байланысты болып, ішкі байланысқа негізделген өзінше ереженің бірлігін құрады. Мысалы, ҚР АҚ-нің 1112 б.және 1113 б. т.б.

Жалпы коллизиялық ережелер қатынастың мәніне қолданылатын құқықты анықтайды.

Ал *арнайы* ережелер бұл қатынасты жүзеге асыру барысында туындаған қосымша сұрақтарды шешуге арналған құқықтық қатынасты бекітеді.

Коллизиялық ережелер құқықтық қатынастың күрделігіне байланысты

Коллизиялық ереже географиялық мәні бойынша бөлінеді

Интерлокалды коллизия

Бірнеше мемлекеттердің шекаралары бірнеше әкімшіліктік округтерге бөлінген, оның әрқайсысын өзінің заңнамалары бар. Бұл жердің критеріі таза географиялық Италияның орта ғасыр кезеңіндегі, «республикалар» деп аталатын әр қалаларында (Венеция, Греция) статут деп аталатын өздерінің заңнамалары болған.

Қазіргі уақытта интерлокалды коллизия әдетте федералды құрылым мемлекеттерінде пайда болады – Құрама Штаттарда және де Кеңес Одағында Американдық штаттарының әрқайсысында, оларды ол елу, өздерінің жеке заңнамалары бар, ал сонымен қатар өздерінің халықаралық байланыстары бар.

Интерперсоналды коллизия

Интерперсоналды коллизияның интерлокалды коллизиядан айырмашылығы ол әртүрлі әлеуметтік топтардың болуына байланысты. Яғни бұл жердің критеріі болып шекараның құрамында болушылық емес, ал этникалық топқа немесе дін тұту болып отыр. Осы типтілік мысал – Оңтүстік Сахара және Таяу Шығыста кездеседі.

**Назарларыңызға
рахмет!**